ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 19 қазан № 4360-23-00-2/2302 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А. Әбілқайысқызы,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «Шағала» балаларды сауықтыру демалыс орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны

ЖАУАПКЕР:
«Алинур» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Нурперзент Узакбаевич Мнажатдинов

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық Процестік Кодексінің 267-4-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «Шағала» балаларды сауықтыру демалыс орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Алинур» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Нурперзент Узакбаевич Мнажатдинов мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Алинур» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Нурперзент Узакбаевич Мнажатдиновтен мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Әбілқайысқызы**

Құжатпен сәйкес екені расталды. Ақпараттық жүйеден әкімшілік іс жүргізу бойынша ісқағаз 27.10.2023, 2023

Заңды күшіне енген күні: 05.12.2023, судья Әбілқайысқызы А., 05.12.2023

4360-23-3-1/2489